


# 11-тарау.

## Коммерциялық емес ұйымдар мен мекемелердің қаржысы



### Коммерциялық емес ұйымдар мен мекемелерді қаржыландыру көздері

Коммерциялық емес ұйымдар жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, әлеуметтік, мәдени, білім беру мақсаттарына жету, рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру, қайырымдылық қызмет пен басқалай қоғамдық пайдалы мақсаттар үшін құрылады.

Коммерциялық емес қызметті іске асыратын мекемелер мен ұйымдар әлеуметтік сипаттағы әртүрлі қызметтерді, басқарушылық қызметтерді, қоғамдық тәртіпті қорғау, ел қорғанысы, халықты әлеуметтік қорғау, мәдениет пен өнер, қоршаған ортаны қорғау бойынша қызметтерді, сонымен қатар қайырымдылық қызметін іске асырады және гуманитарлық көмек көрсетеді.

Олардың барлығына тән ерекшелік – олардың мақсатының пайда алу емес, жеке сектор қамтамасыз ете алмайтын немесе еткісі келмейтін қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру болып табылатындығы.

Коммерциялық емес қызмет ел халқын қоғамдық тауарлар және игіліктермен, қызметтермен қамтамасыз ету қажеттілігімен анықталады.


Мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымының құқықтары:

- өз мүшелері мен қатысушыларының құқығы мен заңды мүдделерін ұсыну және қорғау;
- қоғамдық өмірдің әртүрлі сұрақтары бойынша бастамамен шығуға, мемлекеттік билік пен басқармаларға ұсыныстар енгізуге;

- заңдылыққа сәйкес мемлекеттік билік пен басқарма шешімдерін шығаруға қатысуға;
- өз қызметі туралы ақпаратты жариялауға;
- бұқаралық ақпарат құралдарын құруға және баспа қызметін іске асыруға;
- жарғылық тапсырмаларды орындау үшін кәсіпкерлік құрылымды құруға;
- өз символикасын құруға;
- өз қызметінің сұрақтары бойынша жиналыстар, конференциялар жүргізуге;
- заңдылыққа сәйкес өкілеттіліктерді ашуға және филиалдарды құруға.

Коммерциялық емес заңды тұлғаларға келесілер жатады:

- тұтынушылық кооперативтер (ауыл тұрғындарынан тамақ өнімдерін сатып алу және оларды қала нарықтарында өткізу);
- қоғамдық ұйымдар (саяси партиялар, кәсіподақтар және т.б.);
- діни ұйымдар (мешіттер, шіркеулер, патшалық залдары, және т.б.);
- қоғамдық қорлар («Бөбек» балалар қоры, инновациялық қор, нақты тұлғаларға көмек көрсету қоры, «Ұлар-Үміт» жеке жинақтаушы зейнетақы қоры);
- мекемелер (әкімшіліктер мен олардың басқармалары, ҚР Ұлттық банкі, қазынашылық және т.б.);
- ассоциациялар мен одақтар, заңды тұлғалардың бірігуі (жазушылар одағы, композиторлар одағы, дизайнерлер одағы, оқытушылар ассоциациясы және т.б.);
- азаматтардың өзін-өзі басқару органдары (тұрғын үй-құрылыс кооперативтері, кондоминимумдар және т.б.);
- коммерциялық емес ұйымдардың негізгі нысандары 11-суретте сипатталған.



II-сурет. Коммерциялық емес ұйымдардың негізгі нысандары  
Ескерту: автормен құрастырылған.

Коммерциялық емес ұйымдар шектеулі құқық қабілетіне ие: олар құқықты ала алады және құрылтайшы құжатында көрсетілген миссияларға сәйкес міндеттемелерді ғана алып жүрді.

Коммерциялық емес ұйымдардың қаржысы ақша қатынасының келесі түрлерін қамтиды:

- коммерциялық емес ұйым мен оның мүшелері арасындағы жарнаны төлеу, материалдық көмек көрсету және т.б. жөніндегі ақшалай қатынастар;
- коммерциялық емес ұйымдардың демеушілермен қайырымдылық жөніндегі ақшалай қатынастары;
- коммерциялық емес ұйымдардың мақсатты ақшалай қорларды пайдалану жөніндегі ақшалай қатынасы;
- коммерциялық емес ұйымның жоғары немесе төменгі тұрған ұйымдарына аударымдар жөніндегі ақшалай қатынасы.

Коммерциялық емес типтегі мекемелер мен ұйымдардың қаржы ресурстары – бұл өз қызметін іске асыру немесе кеңейту үшін әртүрлі көздерден жұмылдырылатын ақшалай қаражаттар.

Коммерциялық емес типтегі кәсіпорындардың қаржы ресурстарын қалыптастыру көздерінің түрі мен мөлшерін анықтайтын факторларға көрсетілетін қызмет түрлері мен оларды ұсыну сипаты: ақылы қызметтер, ақысыз қызметтер немесе екеуінің үйлесімділігі жатады.

Өндірістік емес сферадағы қызметтердің ең үлкен үлесін әлеуметтік-мәдени бағыттағы қызметтер алады. Қызметтермен қанағаттандырылатын қажеттіліктер сипаты пайдаланылатын қаржы ресурстарының құрамын анықтайды.

Келесі топтарды ерекшелейді:

- жалпы қоғамның қанағаттандырылуы ҚР Конституциясымен кепілдендірілетін қажеттілігі азаматтар кірісіне тәуелді емес, мысалы бастауыш және орта білімге деген қажеттілік. Оларды қанағаттандыру көзі – республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін жалпы мемлекеттік қаржы ресурстары;
- жалпы мемлекеттік ресурстардың шектілігіне байланысты тек қана бөлшекті жабылатын қоғамдық маңызды сипаттағы қажеттіліктер. Олар мемлекеттік бюджет есебінен бөлшекті қаржыландыру принципі бойынша керекті ең төменгі мөлшер шеңберінде жүргізіледі: мысалы жоғарғы білім беру, медициналық қызметтер бөлігі, зейнетақы аударымдарының бір бөлігі халықтың қаражаттары есебінен қаржыландырылады.

Халықтың, олардың демалысымен және денсаулығын сақтаумен, тұрғын үймен қамтамасыз етілуімен байланысты жеке қажеттіліктерді қоғам–есебінен емес, кәсіпорындар мен халықтың қаржылық көздері есебінен жабылуы керек.

Коммерциялық емес типтегі мекемелер қаржыландырудың келесі көздерін пайдаланылады:

- республикалық бюджет қаражаттары;
- жергілікті аймақ бюджетінің қаражаттары;

- мемлекеттік және жеке шаралардың, қоғамдық ұйымдардың заңды тұлғалар мен тұрғындармен жасалынған келісімшарт бойынша ақылы қызметтен түскен ақшалай қаражаттары;
- тұрғындарға ақылы қызмет көрсетуден, әртүрлі байқауларды, конкурстарды, фестивальдерді өткізуден, көрсетілімдерге билеттерді сатудан, меншікті өндіріс өнімдерін сатудан түскен түсімдер, мысалы, оқу-өндірістік шеберханаларының өнімі және т.б.;
- үй жайларды, жабдықтарды жалдау төлемі;
- жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарналары мен қайтарымсыз құндылықтары;
- басқалай түсімдер.

Осылайша коммерциялық емес ұйымдар мен мекемелердің қаржы ресурстары болып натуралды және ақшалай нысандағы өндірістік емес тағайындалудағы қорлар табылады. Ұйымдар мен мекемелер тауарларды сатып алу-сату тәртібінде натуралды нысанда белгілі бағаға сатып алынады және тұтыну процесінде өзінің құнын жоғалтады. Олардың негізінде құрылған игіліктер мен қызметтер тек қана тұтынушылық құқықты иеленеді, бірақ құны болмайды.

Материалдық емес өнім мен қызметті құру процесінде іске асырылатын өндірістік емес қорлар қозғалысы нысандарының салалық ерекшеліктері, сонымен қатар олардың ұдайы өндіріс шарты осы қызмет түрінде ең алдымен жоғарғы білікті мамандардың ақыл-ой еңбегінің пайдалануында, сондықтан шығындарда басты орынды еңбекақы алады. Материалдық емес өнім жинақталмайды және запасқа айналмайды, ұйым мен мекеменің шығындар саласына тең ақшалай бағалауы болмайды.

Барлық көздерден түскен ақшалай қаражаттар коммерциялық емес мекеменің қаржы ресурстарын құрайды, жалақы төлеуге, сатып алынатын материалдарды, коммуналдық қызметті төлеуге, банктермен есеп айырысуға, экономикалық ынталандыру қорларын құруға пайдаланылады. Пайдаланылмаған қаражаттар бюджетке алынып қоймайды және келесі жылдың қаржыландыру көлеміне әсер етпейді. Заңды тұлға болып табылатын, балансы, мөрі, есеп айырысу шоты бар барлық коммерциялық емес мекеме-

лер банк несиесін алуға құқылы. Олар қысқа мерзімді ссудаларды ағымды қызмет үшін, ал ұзақ мерзімді ссудаларды өндірістік және әлеуметтік даму қорлары есебінен жаба отырып, өндірісті дамыту үшін ала алады.

Шаруашылық коммерциялық емес қызметті жүргізу әдістері:

- сметалық қаржыландыру – көрсетілетін қызмет пен игіліктердің қайтарымсыздығында;
- шаруашылық есеп және өзін-өзі өтеу қайтарымдылықта.

Нарық жағдайында көптеген ұйымдар коммерциялық есепке өтеді-көрсетілетін қызметтерді сұраныс бағасымен, өзін-өзі дамыту үшін жеткілікті жинақты құрумен өткізеді.

Сметалық қаржыландыру – бұл меншікті кірістері жоқ ұйымдар мен мекемелердің шығындарын жабу үшін мемлекеттік бюджеттен берілетін ақшалай қаражаттар. Сонымен қатар ақшалай қаражаттар негізгі қорларды, материалдық запастарды сатып алуға, қызметтерді, жалақыны басқалай шаруашылық қажеттіліктерін төлеуге жұмсалады.

Шаруашылықты жүргізудің шаруашылық есеп әдісінің шығындары материалдық емес қызметтер мен игіліктерді өткізуден түскен түсім есебінен толықтырылатын мекемелер мен ұйымдарда қолданылады. Бұл әдісті коммерциялық емес ұйымдар мен мекемелердің шаруашылық органдары пайдаланылады.

Шығындардың өзін-өзі өтеу әдісі шаруашылық қызметті бағасы шығындарға тең болатын төлем негізіндегі қызметті бере отырып ұйымдастыруды қарастырады.

Қоғамдық және қайырымдылық қорлары белгіленген мәртебе негізінде дербес бастамада әрекет етеді. Ақылы штатын персоналды басқару және өз функциясын құрметті міндет ретінде ақысыз негізде орындайтын органдары бар.

Коммерциялық емес ұйымдар мен мекемелер қызметін қаржыландыру көзі әртүрлі. Мысалы, мемлекет сәйкес функцияларды толығымен орындайды, ұйымды ұстау шығындары мемлекеттік бюджет қаражаттары есебінен (мемлекеттік басқару сферасында, құқықтық тәртіпті қорғау, бөлшекті түрде білім беру мен денсаулық сақтау) іске асырылады.

Коммерциялық ұйымдар мен мекемелерді қаржыландырудың көзі мағынасы бойынша келесі болып ұсынылатын қызметтен, ұйымның өзі арқылы өз қызметіне байланысты орындалған жұмыстан түскен түсім нысанындағы меншікті қаражаттар табылады. Меншікті қаражаттар қатарына сонымен қатар ұйымның үй-жайын, жабдықтары мен басқа мүмкін жалға беруден алынған қаражаттар жатады.

Қаржыландырудың заңды көздеріне кепілдік мүлкі болуы және несиені кепілді қайтару шартымен банк несиесі жатады.

Коммерциялық емес ұйымдар үшін қаржыландырудың келесі көздері де мүмкін:

- материалдық өндіріс сферасы кәсіпорындар тарапынан қайырымдылық көмек;
- шетелдік мемлекеттердің гуманитарлық көмегі;
- демеушілердің қаржыландыруы;
- ғылыми-зерттеулерді қаржыландырудағы гранттар түсімі;
- ақшалай қаражаттарды банк депозиттеріне орналастырудан кірістер;
- басқалай заңды тұлғалардың жарғылық капиталына олардың акцияларын алу жолымен салым салудан түскен дивидендтер;
- сатып алынған облигациялардан пайыздардың түсуі;
- басқалай заңды тұлғалардың, қаржы нарығында алынған және кейіннен сатылған, бағалы қағаздары құнының айырмашылығы;
- қатысушылардың жарнасы.

Қаржыландырудың көрсетілген көздері әртүрлі құрылымға ие баланс қасиеттерін құрайды.

Коммерциялық емес ұйымдар мен мекемелердің шығындары олардың функционалды қызметін жоғары дәрежеде немесе кәсіпорын туралы ережеге сәйкес қамтамасыз етеді. Шығындардың құрамы мен құрылымы қызмет бағыттарына, осы қызметті жүргізу әдістеріне тәуелді болады.

Қарапайым қаржылық жоспарды немесе бизнес-жоспарды шаруашылық есеп және өзін-өзі өтеу бастамасында әрекет ететін ұйымдар мен мекемелер әзірлейді.

Коммерциялық емес ұйымның мүлкі келесі көздерден қалыптасады:

- жарғыға сәйкес құрылтайшылардан түскен түсім;
- тауарлар мен қызметтерді өткізуден түскен түсім;
- басқалай эмитенттерден алынған бағалы қағаздардан түскен дивиденттер мен пайыздар;
- мүлікті жалға беруден түскен кірістер;
- заңмен тыйым салынбаған басқалай түсімдер.

Коммерциялық емес ұйымның пайдасын қатысушылар арасында бөлуге тыйым салынады.

Коммерциялық емес ұйым қызметін іске асыратын негізгі қаржы ресурсы болып жыл сайын басынан бастап еркін нысанда құрастырылатын кірістер мен шығыстар табылады.

Коммерциялық емес ұйымның сметалық кірістері келесілердің есебінен қалыптасады:

- құрылтайшылар келісімшарты негізінде құрылтайшылардың кәсіпорынды құрудағы бір реттік немесе жарғылық капиталды ұлғайтудағы жарнасы;
- әрекеттің барлық мерзімі кезіндегі мүшелік жарна;
- жеке және заңды тұлғалардың ерікті қайыр көрсетуі;
- кәсіпкерлік қызметтен түскен кіріс негізінде пайда болған тапсырмалар үшін құрылтайшылардың мақсатты қаржыландыруы;
- кәсіпкерлік қызметтен түскен түсімдер.

Пайда тек қана жарғылық мақсаттарға бағытталады және жалпы белгіленген тәртіп бойынша салық салынады.

Құрылтайшысы мемлекет болатын коммерциялық емес ұйымдар үшін қаржыландырудың негізгі көзі болып күрделі және ағымды шығындарға бағытталатын бюджеттік қаражаттар қалады.

Сметалық шығындар келесі нысандарда іске асырылады:

- қосымшасымен және үстемесімен тарифтік ставка бойынша жұмысшылардың жалақысы;
- жалақыдан аударымдар (әлеуметтік салық);
- коммуналды қызметтерді (су, канализация, электр энергиясы, газ, қоқыс шығару) төлеу;




- әкімшілік шығындары, оның ішінді кеңселік, іс-сапар, кеңес берушілік және т.б.;
- негізгі қорларды ұстау және жөндеу шығындары;
- мақсатты шығындар;
- кездейсоқ шығындар резерві.

Шығындардың жекелеген баптары әртүрлі көздермен жабылады, бірақ негізінен мақсатты қаржыландыру белгілі бағдарламалардың тікелей шығындары іске асыруға бағытталады.

Қоғамдық ұйымдар өздерінің қаржы-шаруашылық қызметінде өзін-өзі өтеу және бюджеттік қаржыландыру принциптерін пайдаланады. Мысалы, заңды тұлға ретінде қалалық театр қалалық бюджеттен смета бойынша театр ұжымының жұмысшыларына жалақы төлеуге, коммуналдық қызметті төлеуге ақшалай қаражаттарды алады және бір уақытта қойылымдарға билеттерді өткізуден, конференциялар мен басқалай қалалық шараларды өткізу үшін көру залын жалға беруден түскен түсімді иеленеді.

Бюджеттен қаржыландыру басым бағдарламаларды таңдау негізінде ұйымдастырылады. Бағдарламаның орындалуына бақылау жасау үшін әкімшілер тағайындалады.



### Коммерциялық емес ұйымдардың негізгі нысандарының қаржысын ұйымдастыру ерекшеліктері

Коммерциялық емес ұйымның негізгі нысандарының қаржысын ұйымдастыру ерекшеліктерін қарастырайық.

**Тұтынушылық кооператив** – заңды тұлғалардың, өз мүшелерінің материалдық және басқалай қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ерікті бірігуі, ол мүшелердің мүліктік жарналарын біріктіру негізінде жүргізіледі, оның мөлшері жарғыда көрсетіледі. Жарғыда сонымен қатар пай жарналарының құрамы мен тәртібі, қарыздар бойынша жауапкершілік, кооперативті басқару тәртібі, шешім қабылдау тәртібі көрсетіледі.

Кооперативтің атауы оның мақсаты мен «кооператив», «одақ» немесе «қоғам» сөзін қамтуы керек.

Тұтынушылық кооперативінің қалыптасу тәртібі жарғыда көрсетілген, мүлкі меншік құқығында тиесілі болады. Тұтынушылық кооперативте мүшелер тек қана міндеттемелерге ие. Тұрғын үй, тұрғын үй құрылыс кооперативінде, саяжай, гараж және бірқатар басқаларында пәтер, саяжай, гараж үшін пай енгізуде, кооперативтен бөлінген мүлік тұлғалардың жеке меншігіне өтеді және сатылуы мүмкін. Сатып алушы автоматты түрде кооператив мүшесі болады. Кооператив мүшелерінің жарнасынан құралған пай қоры, оны қаржыландыру көзі және мүліктік шарттастырудың негізі болып табылады.

Бұл пай қоры толықтырылуы және жұмсалуды керек. Қорды толықтыру кооператив мүшелерінің негізгі міндеті болып табылады. Жоғарыда қордың ең жоғарғы мөлшері мен осы міндеттемені орындамауға қойылатын жауапкершілік көрсетіледі. Заңнама қор мөлшерін шектемейді.

Кооператив мүшелерінің екінші міндеті кооператив шығындарын жабу үшін қосымша жарналарды салу. Кооператив балансын қалыптастырғаннан кейін оның мүшелері, оның қаражаттары жеткіліксіз болғанда шығынды бір тоқсан аралығында қосымша жарна салу жолымен жабу керек. Басқаша жағдайда, кредиторлардың талабы бойынша сот тәртібімен кооператив жабылуы мүмкін. Кооператив мүшелері қарызды өтеуге қатыса алмайтын мүшелерінің қарыздары бойынша ынтымақтасатын жауапкершілікті болады. Кредиторлардың талабы бойынша соттың алып қоюлары кооператив мүшелерінің жеке мүлкіне қатысты болуы мүмкін, яғни жауапкершілік толық серіктестіктегідей толық болады. Тұлғаның тұтынушылық кооперативіне еңбекпен қатысуы, ол кәсіпкерлік қызметті бастаса да, талап етілмейді.

Тұтынушылық кооперативінің жоғарғы органы болып оның мүшелерінің жиналысы, кооператив басқармасы, басқарма төрағасы табылады. Бұл органдардың құзіреттілігі кооператив жарғысында сипатталады.

Егер де кооператив кәсіпкерлік қызметті бастаса, онда алынатын таза кірістер оның мүшелері арасында бөлінуі керек.

Алынған пайданы бөлу тәртібі де жарғыда сипатталуы керек.

Көріп отырғанымыздай тұтынушылық кооператив коммерциялық және коммерциялық емес кәсіпорындар арасындағы аралық орынды алады.

**Діни ұйым** – заңды тұлға, ҚР азаматтарының бірігіп дінді уағыздау, құлшылық ету, әдет-ғұрып және салт (діни қоғам, діни оқу орындары, мешіт, шіркеу, синагога, костелдер, шіркеу «Патшалық залдары» және т.б.) ерікті бірігу жүргізу үшін құрылған.

Діни ұйымдар жасы 18-ге толған, ел аймағында тұратын, өзінің басқару органдары бар, жүзден кем емес азаматтардың бастамасымен құрылады. Сонымен қатар республиканың 14 облысында әрекет ететін, тіркелген діни ұйымдарының конференцияларына басқарудың орталық органдары да құрылады.

Қазақстанның астанасы Астана қаласында бейбітшілік пен келісімді сақтау, төзімділікті, өзара түсінушілік пен қоғамның адамгершілік негіздерін, қазіргі заңдылықтың адамгершілік негіздерін, қазіргі заманның өзекті мәселелерін шешу бойынша конфессияаралық келіссөзді нығайту, бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әлемдік және дәстүрлі діндердің форумдары жиі өткізіліп тұрады.

Сәйкес діни білімі бар ҚР азаматтары діни ұйымдарға басшы бола алады. Егерде болашақ басшы ҚР азаматы болып табылмайтын болса, оның кандидатурасы ҚР министрлер кабинеті жанындағы діни істері бойынша комитетпен келісіледі. Көрсетілген комитет діни ұйымдардың барлық қызметіне қадағалау жүргізеді, экстремизмді болдырмау үшін оның есебі мен талдауын жүргізеді.

Діни ұйым құрылтайшылық құжатын – жарғыны иеленеді; меншікті қаражаттарына алынған мүлік және азаматтар мен заңды тұлғалардың қайыр-садақасы, жер телімі.

Мемлекет діни ұйымдарға мәдени шараларды өткізу үшін ҚР «Ар намыс және діни ұйымдар туралы» заңына сәйкес ғимараттарды, үймәреттер мен жер телімдерін қайтарымсыз негізде беруі мүмкін.

Діни ұйымның мүшелері ұйым мүлкіне меншік құқығын ала алмайды, ұйымның міндеттемелеріне жауапты емес және ұйым өзінің құрылтайшыларының қарыздарына жауап бермейді.

Діни ұйымды таратқаннан кейін мүлік мүшелер арасында бөлінбейді, осындай мақсаттар үшін құрылған басқа ұйымға беріледі.

**Қор** – есеп айырысу шоты мен балансы, мөрі бар, мүшелігі жоқ; ерікті мүшелік жарна негізінде азаматтар немесе заңды тұлғалармен құрылған және қоғамдық пайдалы мақсатты көздейтін заңды тұлға.

Қор – бұл азаматтар немесе заңды тұлғалардың бірігуі емес, олардың мүліктерінің бірігуі. Мүшеліктің болмауына байланысты құрылтайшылардың қор қызметіне қатысуы қарастырылмайды. Қор жыл сайын өзінің мүлкін пайдалануы туралы есепті жариялауға міндетті. Қордың құрылтайшы құжаты болып табылатын жарғыда қорды қалыптастыру тәртібі көрсетілген. Басқарушы орган болып қамқоршылық кеңесі табылады, ол қор органдарының әрекетін қадағаламайды, қор қаражаттарының құралуы мен жұмсалуды бақылайды.

Қор арқылы алынған және қорға берілген мүлік соңынан қордың меншігі болып табылады, ал құрылтайшылар оларға ешқандай құқыққа ие емес қордың міндеттемелері бойынша да, ал қор олардың міндеттемелері бойынша жауапты емес.

Мысал ретінде әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қоры, «Ұлар-Үміт» жеке жинақтаушы зейнетақы қорын, «Бөбек» балалар қорын, ҚР Ұлттық қорын, «Даму» кәсіпкерлік субъектілеріне көмек қорын келтіруге болады.

**Мекеме** – меншік иесімен коммерциялық емес сипаттағы функцияны жүзеге асыру үшін құрылған және толық көлемде қаржыландырылатын заңды тұлға.

Меншік иесі құрылтайшы ретінде мемлекет, әкімдіктер (муниципалитет), шаруашылық серіктестері немесе қоғамдар қатысады.

Мекемелер спектрі әртүрлі: мемлекеттік (ҚР Үкіметі, ҚР Ұлттық банкі және т.б.) және муниципалды басқару (облыстық, қалалық, аудандық әкімдіктер) органдары; мәдениет пен білім беру, денсаулық сақтау (емханалар, ауруханалар) және спорт (спорт сарайлары, стадиондар, спорт қоғамдары) ұйымдары; әлеуметтік қорғау ұйымдары; құқық қорғау органдары және т.б.

Осы мекемелердің бірқатары жарғыға, ал бірқатары – кәсіпорын туралы Ережеге ие. Оларда мекеменің тағайындалуы, оның миссиясы, қызмет түрлері, басқару органдары, бағыныштылық, басшылардың құқықтары мен міндеттері және т.б. көрсетіледі.

Мекеме өз мүлкінің меншік иесі болып табылмайды. Заңға сәйкес, мекеме мүлкін меншік иесі иеленеді, бірақ өз әрекетінде шектелген, тек қана артық нәрсені алып қоя алады, ал пайдаланылатын мүлікті ол бақылайды.

Жедел басқару құқығында меншігі бар мекеме, мүлікті мүліктің тағайындалуына, заңнамаға, өз қызметінің мақсаттары мен меншік иесінің тапсырмаларына сәйкес иеленеді және пайдаланылады. Бұл мүлік оны пайдаланудан түскен кіріс сияқты мекеменің меншігі болмайды.

Мекеме оған бөлінген және смета бойынша төленген мүлікті иеліктен шығаруға құқылы емес. Қаржыландырудың негізгі көзі – смета бойынша меншік иесінен алынған қаражаттар. Меншік иесі мекемеге кәсіпкерліктен түсетін меншікті кірісті де, оны бөлшекті қаржыландыруға да құқық бере алады. Бірақ бұл жағдайда кірістер жеке баланста сипатталуы керек. Мекеме кірістері де және оларға алынған мүлікті де өз қалауы бойынша пайдаланылады. Мекеме меншік иесінің рұхсатымен басқа экономикалық субъектісінің жарғылық капиталына ақшалай қаражаттарды сала алады. Мекеме оның иелігіндегі қаражаттар бойынша ғана шектелген мүліктік жауапкершілікті болады, ал жеткіліксіз болғанда меншік субсидия арлы (қосымша) толық жауапкершілікті өзінің барлық мүлкімен алады.

**Ассоциация, одақ** – коммерциялық емес ұйым, жеке кәсіпкерлердің немесе заңды тұлғалардың бірігуі, өз мүшелерінің қызметін үйлестіру, олардың мүліктік мүдделерін қорғау үшін құрылған заңды тұлға.

Ассоциациялар салалық белгісі бойынша, ал одақтар – аймақтық белгісі бойынша құрылады. Сонымен қатар ұйымдар өзінің дербестігін, мүліктік оқшауланушылығын және заңды тұлға құқығын сақтайды.

Мүшелерінің жарнасынан құрылған ұйымның мүлкі мүшелердің меншігі емес, ұйымның меншігі болып табылады. Ұйымның мүшелерінің саны тұрақты емес, жаңа мүшелерді ескілерінің келісімімен қабылдайды. Ұйым құрамынан шығу салық жылының соңында ғана мүмкін. Белгілі себептерге байланысты мүшелерді шығаруға рұхсат етіледі және ұйымның құрылтайшылық құжаттарында сипатталады (жарғы немесе құрылтайшылық келісім шарттарында).

Ассоциация мен одақ өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікті алмайды, ал мүшелері, өз кезегінде ұйымның міндеттемелері бойынша қосымша ынтымақты жауапкершілікті алады. Ұйымнан екі жыл ішінде шыққан мүшелерде жауапкершілікті алады, ал жаңадан енген мүшелер олар енгенге дейін пайда болған міндеттемелер бойынша жауапкершілікті болады.

Ұйымның алынған пайдасы мүшелердің арасында бөлінбейді, оны жарғылық мақсатта пайдаланады. Егер де ұйым кәсіпкерлік қызметті бастаса, онда ол шаруашылық серіктестігі болып қайта құрылуы керек.

**Коммерциялық емес серіктестік** – коммерциялық емес ұйымдардың мүшелігіне негізделген, азаматтардың немесе заңды тұлғалардың оның мүшелерінің қызметіне жәрдем беру үшін құрылған заңды тұлға. Бұл ұйымның мүлкі екі бөлімді қамтиды: мүшелік жараналар мен мүліктік салымдар. Мүшелік жарналар ұйым меншігіне қайтарымсыз өтеді, ұйым мүшелерінің меншік құқығы олар серіктестіктен шыққанға дейін сақталады. Серіктестік өзінің қарыздары бойынша дербес жауап береді. Оның мүшелері серіктестердің, ал серіктестік – мүшелердің қарыздары бойынша жауап береді.

Серіктестік мүшелері серіктестік істерін басқаруға қатысуға, оның қызметі туралы ақпарат алуға, қалауы бойынша оның құрамынан шығуға, шыққан кезде немесе оны тарату кезінде кредиторлар қарызын төлегеннен қалған кейін қалған мүліктің бөлігін алуға, серіктестерден көмек алуға, құқылы және т.б.

Серіктес серіктестіктен мүліктің бір бөлігін ала отырып шығарылуы мүмкін.

Серіктестікті тарату кезінде оның мүлкі оның мүшелері арасында олардың жарна сомасы бойынша бөлінеді. Жарнадан асқан сомалар жарғылық мақсаттарға, ал ол мүмкін болмағанда мемлекет кірісіне бағытталады.

**Автономды коммерциялық емес ұйымдар** – азаматтармен немесе заңды тұлғалармен білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, ғылым, құқық, дене тәрбиесі және спорт сферасында қызметтерді ұсыну үшін ерікті мүлікті жарна негізінде құрылған мүшелігі жоқ, заңды тұлға.

Құрылтайшылардың автономды коммерциялық емес ұйымдарға берген мүлікі, олардың меншігі болып табылады.

Автономды коммерциялық емес ұйымдардың мақсаты қызметтердің белгілі сфераларымен шектеледі. Оның осы мақсаттарды іске асыру үшін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы бар. Құрылтайшылар оның қызметіне қадағалауды жүргізеді және оның қызметтерін басқа тұлғалармен тең шартта пайдаланады.

Коммерциялық емес ұйымдардың ең көп таралған нысаны болып қоғамдық ұйымдар табылады.

**Қоғамдық бірлестік** – бұл заңды тұлға, азаматтардың немесе заңды тұлғалардың бастамасында, оның жарғысында көрсетілген мақсаттарын іске асыру үшін мүдделердің ортақтығы негізінде құрылған ерікті, дербес басқарылатын ұйым.

Қоғамдық бірлестік келесі ұйымдастыру-құқықтық нысанда құрылады:

- қоғамдық ұйым;
- қоғамдық қозғалыс;
- қоғамдық қор;
- қоғамдық мекеме;
- қоғамдық характершілік органы;
- саяси партия;
- кәсіптік одақ;

**Қоғамдық ұйым** – жеке және заңды тұлғалардың мүшелігіне негізделген заңды тұлға, жарғыда көрсетілген мақсаттарға жету және қатысушылар мүдделерін қорғау үшін құрылған қоғамдық бірлестік.

Қоғамдық ұйымның жоғарғы басқарушы органы – жиналыс (съезд, конференция) және таңдалған алқа органы.

**Қоғамдық қозғалыс** – заңды тұлға, қозғалысқа ресми мүше болмайтын қатысушылар қолдайтын пайдалы мақсаттарды ұстанатын қоғамдық бірлестік.

**Қоғамдық қор** – заңды тұлға, коммерциялық емес қорлардың бір түрі; мүшелігі жоқ, мақсаты мүлікті ерікті жарна негізінде қалыптастыру және осы мүлікті жарғыға сәйкес пайдалы қоғамдық мақсаттарға пайдалану болып табылатын қоғамдық бірлестік.

**Қоғамдық мекеме** – мүшелігі жоқ заңды тұлға, өзіне мақсат етіп жарғыға сәйкес белгілі қызметтерді көрсетуді қоятын қоғамдық бірлестік. Мүліктің меншік иесі болып құрылтайшы табылады, ал мекеме мен мүлікті басқаруды оның қызметін тұтынушылардан тұратын таңдалынған орган жүзеге асырады.

**Қоғамдық характершілік орган** – мүшелігі жоқ заңды тұлға, мақсаты азаматтардың қажеттіліктері мен жеке бағдарламаларын іске асыруға бағытталған тұрғылықты мекен жайында, жұмыс және оқу орнында пайда болған әртүрлі әлеуметтік тапсырмаларды шешу болып табылатын қоғамдық бірлестік (құрылтайшылар жиналысында қабылданған жарғыға сәйкес). Қоғамдық характершілік органында жоғары орган жоқ.

**Саяси қоғамдық бірлестік** – жарғысында негізгі мақсаты қоғамның қоғамдық өміріне, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлауға кандидаттарды ұсыну арқылы қатысу деп көрсетілген заңды тұлға, ол сайлау алдында үгіт насихатты жүргізеді, билік органдары қызметіне қатысады.

Кәсіптік одақтар, діни, қайырымдылық ұйымдары, қоғамдық қорлар, қоғамдық мекемелер, қоғамдық характершілік органдары, шетелдік азаматтардың немесе заңды тұлғалардың қатысуымен құрылған бірлестіктер, ұлттық, этникалық немесе нәсілдік белгілері бойынша құрылған бірлестіктер, сонымен қатар кәсіпкерлік қызметті іске асыру жолымен пайда алуды мақсат ететін, басқалай саяси емес мақсатты ұстанатын топтар саяси қоғамдық бірлестік деп танылмайды.

Саяси партияларды құру, іс-әрекет, қайта ұйымдастыру және тарау тәртібі арнайы заңмен реттеледі.

Қоғамдық бірлестік мүшелері оның мүлкіне құқылы емес және оның міндеттемелері бойынша жауапты емес.

Жасы 18-ге толған азаматтар, заңды тұлғалар, шетелдік тұлғалар мен азаматтығы жоқ тұлғалар, заңда көрсетілген жағдайлардан басқа, қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары бола алады.

Білік органдары қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары, қатысушылары және мүшелері бола алмайды. Егер де қоғамдық бірлестік әділет органында тіркелмесе, оның жарғысы болса да, ол заңды тұлға болып табылмайды.

Саяси партиялар міндетті түрде тіркеуден өтуі қажет.

**Кәсіптік одақ (кәсіподақ)** – заңды тұлға, өндірістік, кәсіби мүдделермен байланысты тұлғалардың бірігуі, ол олардың әлеуметтік-еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін құрылады, сонымен қатар жұмысшылар тобынан өкілдік.

Кәсіподақтардың меншігінде жер телемдері, үй-жайлар, қондырғылар, саниторлы-курорттық, туристік мәдени-ағартушылық, ғылым және білім беру мекемелері, тұрғын үй қоры, ба-спаханалар, бағалы қағаздар және т.б. болуы мүмкін.

Кәсіподақтар жарғыға сәйкес банктерді, ынтымақтастық қорларын, сақтандыру, мәдени ағарту қорларын құруға құқылы, кәсіпкерлік қызметті іске асыра алады.

Олардың кірістері келесі түрлердей болуы мүмкін:

- кіру жарнасы;
- ай сайынғы мүшелік жарна;
- жеке тұлғалар мен ұйымдардың ерікті жарнасы;
- кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістер;
- жоғарғы тұрған органдардан дотациялар мен төменгі тұрғандардан аударымдар.

Кәсіподақтардың шығындары келесі бағыттар бойынша іске асырылуы мүмкін:

- ұйымдастыру шығындары;
- басқару аппаратын ұстау шығындары;
- конференцияларды, мәжілістер мен семинарларды өткізу шығындары;

- мамандарды даярлау шығындары;
- әлеуметтік-тұрмыстық шығындары;
- іс-сапар шығындары;
- негізгі қорлар мен материалдық емес активтердің тозуы (баланстан тыс);
- ғимараттар, қондырғыларды ұстау және жөндеу шығындары;
- басқа ұйымдардың жарғылық капиталына жарнамалар;
- әлеуметтік-мәдени сфераларға шығындар;
- дене тәрбиесі мен спортқа шығындар;
- кәсіподақ мүшелеріне материалдық көмек;
- әлеуметтік тағайындалудағы қорларға аударымдар.

Кәсіподақтар әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорын, зейнетақы қорын басқаруға қатысуға, осы қорлардың қаражаттарын пайдалануға бақылау жасауға, мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында сайлауға қатысуға; білім беру мекемелерін құруға, кәсіподақ жұмысшылары мен кәсіподақ мүшелерін дайындауды, қайта дайындауды, кәсібін көтеруді іске асыруға, кәсіподақ мүшелері мен олардың жанұялары арасында сақтандыру шараларын ұйымдастыруға және жүргізуге; билік органдарымен санаторлы-курорттық емдеуді; демалыс, туризм, жаппай дене тәрбиесі мен спортты дамыту бойынша қарым-қатынас жасауға құқылы.

Коммерциялық емес ұйым жарғылық мақсаттарына жету үшін тауар мен қызмет өндірісін, бағалы қағаздарды, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды сатып алу және сату, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына салымшы ретінде қатысу нысанындағы кәсіпкерлік қызметті іске асыра алады. Қызметтің осы көмекші түрі бойынша кірістер мен шығыстарды есепке алу бюджеттік мекеменің шоттар жоспарының жеке субшоттарында жүргізіледі.

Коммерциялық емес ұйымдар өз қаржылық жоспарын дербес жасайды. Бюджеттік кәсіпорындар шығыстар сметасын жасайды. Сметаны құрастыру үшін қаржылық нормативтер, бақылау цифрлары мен мемлекеттік тапсырыс есепке алынады. Қаржылық



нормативтер әрекеттегі мекеменің бюджеттік қаржыландыру, жалақы қорын құру, өндірістік және әлеуметтік даму қорын құру нормативтерін қамтиды.

Бақылау цифрлары мекеме қызметінің ерекшелігін, оның даму болашағын, оның қызметінің ақырғы нәтижелерін сипаттайды. Олар қызмет көрсетілетін халықтар саны мен құрамын, қызмет көлемі мен сапасын, техникалық жарақтану және көлікпен қамтамасыз ету көрсеткіштерін, ұжымның әлеуметтік даму көрсеткіштерін қамтиды.

Коммерциялық емес ұйымдар мемлекеттен мемлекеттік күрделі салымдар есебінен жаңа қуат пен объектілерді іс әрекетке енгізуге тапсырыс ала алады.

Сметалар мекеме басшысының, кәсіподақ ұйымымен және еңбек ұжымымен бірлескен шешімімен қарастырылады және бекітіледі.



#### Бақылау сұрақтары:

1. Қандай кәсіпорындарды коммерциялық емес типтегі кәсіпорындар деп атайды?
2. Коммерциялық емес кәсіпорындардың негізгі түрлері мен олардың ерекшеліктерін атаңыздар.
3. Коммерциялық емес типтегі шығындар түрлерін атаңыздар.
4. Коммерциялық емес типтегі кәсіпорындардың шығындарын жабу көздерін атаңыздар.
5. Коммерциялық емес типтегі кәсіпорындарда пайда болуы мүмкін бе?
6. Коммерциялық емес кәсіпорындардың қаржысын ұйымдастыру ерекшеліктері қандай?
7. Смета дегеніміз не, олардың тағайындалуы қандай?
8. Мемлекеттік денсаулық сақтау мен білім беру мекемелеріндегі шығындар мен оларды жабу көздерін атаңыздар.
9. Кәсіподақ ұйымдары үшін шығындар мен оларды жабу көздерін атаңыздар.
10. Қоғамдық ұйымдар үшін шығындар мен оларды жабу көздерін атаңыздар.



## МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ

12-тарау. Мемлекеттік қаржының жалпы сипаттамасы .....	346
13-тарау. Мемлекеттік бюджет .....	367
14-тарау. Салық жүйесі мемлекет кірістерін қалыптастыру көзі ретінде .....	405
15-тарау. ҚР бюджет жүйесі .....	432
16-тарау. Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар .....	497